

СУРЕТТІ ӨНЕР ТАРИХЫ



АЛМАТЫ КІТАП БАСПАСЫ
2014





СУРЕТТИ
ӨНЕР
ТАРИХЫ



ЛОНДОН, НЬЮ-ЙОРК, МЕЛЬБУРН,
МЮНХЕН ЖӘНЕ ДЕЛИ

ДК ЛОНДОН

Бас көркемдік редактор	Бас редактор
Гади Фарфур	Сэм Аткинсон
Жауапты көркемдік редактор	Жауапты редактор
Карен Селф	Эстер Рипли
Өндіріске дайындаушы продюсер	Баспагерлер
Ребека Парсонс-Кинг	Лора Буллер, Сара Лартер
Бас продюсер	Сурет бөлімінің меңгерушісі
Джемма Шарпе	Фил Ормерод
Мұқаба тысының дизайнері	Баспа бойынша директордың орынбасары
Лора Брим	Лиз Уилер
Мұқаба тысын дайындау бойынша менеджер	Баспа бойынша директор
София МТТ	Джонатан Меткалф
	Мұқаба тысының редакторы
	Маниша Маджития

ДК ДЕЛИ

Бас көркемдік редактор	Дизайнерлер
Анджана Наир	Сиед Мд Фархан, Сачин Сингх
Көркемдік редакторлар	Бас редактор
Суприя Махаджан, Нидхи Мехра, Неха Шарма	Срештха Бхаттахарья
Көркемдік редакторлардың ассистенттері	Редактор
Нияти Госайн, Анкита Мухерджи, Газал Роонгта, Видит Вашишт	Супарма Сенгупта
Жауапты көркемдік редактор	Жауапты редактор
Арунеш Талапатра	Пакшалика Джаяпракаш
	Өндіріс бөлімінің меңгерушісі
	Панкадж Шарма

cobaltid

The Stables, Wood Farm, Deopham Road, Attleborough, Norfolk NR17 1AJ www.cobaltid.co.uk
Көркемдік редакторлар
Пол Рейд, Ллойд Тибери, Даррен Бланд, Ребекка Джонс, Шейн Уайтинг
Суреттер бойынша ғылыми жұмыс
Луиза Томастікі
Редакторлар
Марек Валисевич, Ричард Гилберт, Нил Локли

Бас кеңесші

Ян Чилверс

Ян Лондонда Курто институтында өнер тарихын зерттеді. Ол – көптеген өнер туралы басылымдардың, соның ішінде «Өнер мен суретшілердің Оксфорд сөздігі», «Барокко мен жаңа классицизм дәуірі» басылымдарының авторы, ДК баспасының «Сурет өнері: мейлінше толық сілтеме» кітабының бас кеңесшісі. Осы кітаптағы «Барокко» және «Рококо» тарауларының авторы.

Құрастырушы-авторлары

Ежелгі дәуірлер мен орта ғасырлар

Ян Жачек

Ян Жачек Оксфорд университеті мен Курто институтын бітірген. Ол кельттер мен прерафаэлиттердің сурет өнері бойынша мамандығын жетілдірген. 30-дан аса кітаптары жарыққа шыққан. Ян осы кітаптың бірінші тарауын, сондай-ақ «Жаңа классицизм» тарауын жазды.

Қайта жаңғыру және маньеризм

Джуд Велтон

Джуд Велтон өнертану және ағылшын тілі бойынша үздік дипломдардың иегері, сурет өнері бойынша көптеген танымал кітаптардың авторы. Соның ішінде ДК баспасының «Импрессионизм», «Моне» және «Картиналарға көзқарас» кітаптары бар.

XIX ғасыр

Кэролайн Баглер

Кэролайн Баглер – дипломды маман-өнертанушы, Кембриджді бітірген, Курто институтының магистрі. Бірнеше кітаптар мен мақалалар жазған. Соның ішінде «Мысық: өнердегі 3500 жыл» деген кітабын атауға болады. Лондондағы Ұлттық Галереяда және Өнер Қорында редактор болып жұмыс істеді.

Қазіргі заман

Лорри Мак

Лорри Мак – жоғары білікті автор және өнер мен дизайн салалары бойынша редактор. Ол – «Би кітаптары» басылымының авторы, ДК баспасының «Өнер бойынша менің кітаптарым» және «Өнер бойынша балаларға арналған кітап» кітаптарының серіктес авторы.

УДК 73/76 (031)

ББК 85.14 я 2

С 87

С 87 Иллюстрированная история искусства. –

Алматы: Алматыкітап баспасы, 2014. – 400 с. ил.

ISBN 978-601-01-2066-2

Научно-популярное издание

Иллюстрированная история искусства

Редактор Б. Жампеисова

Перевод с англ. яз. М. Асановой

Перевод с русского на казахский язык

К. Қайым, Ж. Оспановой, Н. Қожабековой, С.Ж. Ажибаева

Компьютерная верстка А.К. Абдикайымовой

Подписано в печать 12.09.2014 г.

Формат 70х108 1/8. Печать офсетная.

Тираж 3000 экз. Заказ № 1178

ISBN 978-601-01-2066-2

© ТОО «Алматыкітап баспасы», 2014

ӘОЖ 73/76 (031)

КБЖ 85.14 я 2

С 87

С 87 Суретті өнер тарихы. – Алматы:

Алматыкітап баспасы, 2014. – 400 б., сур.

ISBN 978-601-01-2066-2

Ғылыми-көпшілік басылым

Суретті өнер тарихы

Редакторы Б. Жампеисова

Ағылшын тілінен аударған М. Асанова

Орыс тілінен қазақшаға аударғандар

Қ. Қайым, Ж. Оспанова, Н. Қожабекова, С.Ж. Әжібаев

Компьютерде беттеген А.Қ. Әбдіқайымова

Басуға 12.09.2014 ж. қол қойылды.

Пішімі 70х108 1/8. Офсеттік басылым.

Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 1178

ISBN 978-601-01-2066-2

© «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2014

Алғаш рет 2013 жылы Ұлыбританияда жарияланған.

«Дорлинг Киндерсли Лимитед» баспасы

80 Стрэнд, Лондон WC2R0RL «Penguin» компаниясы

© 2013 Dorling Kindersley Limited, Лондон

2 4 6 8 10 9 7 5 3 1

001-184794-Sep/2013

Барлық құқығы қорғалған. Авторлық құқық иесінен алдын ала жазбаша

келісім алмай, бұл басылымның ешқандай бөлімін көшіріп басуға,

ақпараттық-іздеу жүйесінде сақтауға немесе кез келген түрде

және қандай да болмасын құралдар: электрондық,

механикалық, көшіру, жазу немесе басқа да

жолдар арқылы пайдалануға рұқсат етілмейді.

CIP каталогының мұрағаттық көшірмесі

Британия кітапханасында сақтаулы.

ISBN: 978-1-4093-1608-4

Басылым және мұқаба: TBB a.s. Partizanska cesta 59 974 01

Banska Bystrica (СЛОВАКИЯ)

Өнімнің толық каталогымен www.dk.com арқылы танысуға болады

Сапасы жөнінде мына мекемеге хабарласыңыз:

Қазақстан Республикасы, «Алматыкітап баспасы» ЖШС,

050012, Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 111 үй,

тел. (727) 250 29 58, факс: (727) 292 81 10.

e-mail: alkitap@intelsoft.kz

Сапа және қауіпсіздік стандарттарына сай.

Сертификация қарастырылмаған.

Сақтау мерзімі шектелмеген.

Впервые опубликовано в Великобритании в 2013 году.

Издательство «Дорлинг Киндерсли Лимитед»

Стрэнд, 80, Лондон, WC2R0RL Компания «Penguin»

© 2013 Dorling Kindersley Limited, Лондон

2 4 6 8 10 9 7 5 3 1

001-184794-Sep/2013

Все права защищены. Никакая часть этого издания не может быть

воспроизведена, сохранена в информационно-поисковой системе

или передана в любой форме и любыми средствами, в том числе

электронными, механическими, путем копирования, записи или любым

иным способом, без предварительного письменного разрешения

владельца авторских прав.

Архивная копия каталога CIP находится в Британской библиотеке.

ISBN: 978-1-4093-1608-4

Печать и переплет: TBB a.s. Partizanska cesta 59 974 01

Banska Bystrica (СЛОВАКИЯ)

С полным каталогом продукции можно ознакомиться на сайте

www.dk.com

С претензиями по качеству обращаться: Республика Казахстан,

ТОО «Алматыкітап баспасы» 050012, г. Алматы, ул. Жамбыла, 111,


тел. (727) 250 29 58; факс: (727) 292 81 10.

e-mail: alkitap@intelsoft.kz

Соответствует всем стандартам качества и безопасности.

Сертификация не предусмотрена.

Срок годности не ограничен.



МАЗМҰНЫ

8 КІРІСПЕ



ЕЖЕЛГІ ДӘУІРЛЕР МЕН ОРТА ҒАСЫРЛАР

- 12 ТАРИХҚА ДЕЙІНГІ КЕСКІНДЕМЕ
- 22 МЫСЫРЛЫҚТАР ӨНЕРІ
- 32 ГРЕК ЖӘНЕ РИМ ӨНЕРІ
- 42 ЕРТЕДЕГІ ХРИСТИАНДАР МЕН
ВИЗАНТИЯЛЫҚТАР
- 54 ҚАРА ТҮНЕК ҒАСЫРЛАР
- 64 РОМАН СТИЛІ ЖӘНЕ ГОТИКА



ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ МАНЬЕРИЗМ

- 78 РЕНЕССАНСТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ
- 88 РЕНЕССАНСТЫҢ ӨРКЕНДЕУІ
- 100 ЖОҒАРЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУ
- 110 ВЕНЕЦИЯ РЕНЕССАНСЫ
- 120 СОЛТҮСТІК РЕНЕССАНСЫ
- 132 ИТАЛЬЯН МАНЬЕРИЗМІ
- 142 ИТАЛИЯДАН ТЫСҚАРЫ МАНЬЕРИЗМ



БАРОККОДАН ЖАҢА КЛАССИЦИЗМГЕ ДЕЙІН

- 156 ИТАЛЬЯНДЫҚ БАРОККО
- 166 ФЛАМАНДЫҚ ЖӘНЕ
ИСПАНДЫҚ БАРОККО
- 178 ГОЛЛАНДЫҚ БАРОККО
- 190 ФРАНЦУЗДЫҚ БАРОККО
- 200 ФРАНЦУЗДЫҚ РОКОКО
- 210 ФРАНЦИЯ ШЕГІНЕН ТЫС РОКОКО
- 220 ЖАҢА КЛАССИЦИЗМ



ХІХ ҒАСЫР

- 234 РОМАНТИЗМ
- 246 РОМАНТИКАЛЫҚ ПЕЙЗАЖ
- 256 ПРЕРАФАЭЛИТТЕР
- 266 РЕАЛИЗМ
- 276 ИМПРЕССИОНИЗМ
- 288 ПОСТИМПРЕССИОНИЗМ
- 298 СИМВОЛИЗМ



ҚАЗІРГІ ЗАМАН

- 312 ЭКСПРЕССИОНИЗМ
- 322 КУБИЗМ
- 332 АБСТРАКЦИОНИЗМНІҢ ТУУЫ
- 340 ДАДАИЗМ ЖӘНЕ СЮРРЕАЛИЗМ
- 350 АБСТРАКТІ ЭКСПРЕССИОНИЗМ
- 358 ПОП-АРТ ЖӘНЕ ОП-АРТ
- 366 ЖАҢА АБСТРАКЦИОНИЗМ
- 374 ФИГУРАТИВТІК ДӘСТҮР
- 384 ГЛОССАРИЙ
- 386 СУРЕТШІЛЕРДІҢ
АТАУЛЫ КӨРСЕТКІШІ
- 392 ЖАЛПЫ КӨРСЕТКІШ
- 399 АЛҒЫС БІЛДІРУ


КІРІСПЕ


Көркемөнер өне бойы даму үстінде. Ерте замандағы суретшілер алғаш рет өздерінің үңгірлерін безендіргеннен бастап, суретшілер қоршаған ортаны бейнелеу үшін өне бойы жаңа сюжет іздестіруде болды. Кейде, қандай да бір данышпан – Джотто, Леонардо да Винчи, Пикассо – көркемөнер саласындағы күні бүгінге дейінгі белгісіз жайттарды ашып берді.

Кітапта сурет өнеріндегі бағыттың апофеозы болып табылатын түпдеректен жауһарға дейінгі негізгі даму ағымдары жан-жақты қадағаланған. Туындының өзі, оның шығу нүктесі, сондай-ақ бар бағыт бойы өзгеріс кезеңі және оның сипатының ерекшеліктері басқа көріністерден әр алуандығы, жаңа туындының пайда болуына әсер еткен жағдай және көркемдік ағымның одан әрі дамуы зерттеледі. Мысалы: мүлдем жаңа пигмент ойлап тапқан химик, ұмыт қалған қазынаны тапқан археолог немесе қалыптасқан шартты ережелерге қарсы шыққан меценат. Жалпы өнердің дамуына қоғамдық және саяси оқиғалар көп әсер етеді. Француз революциясы жаңа классицизм мен романтизм дәуірінің суретшілеріне шабыт берді; баспа станогін ойлап табу Қайта жаңғыру дәуірі кезеңінде көптеген идеялардың пайда болуына әсер етті; теміржол жүйесінің қарқынды дамуы бұрын зерттелмеген аймақтарға саяхатқа шығуға мүмкіндік берді. Нәтижесінде импрессионистер пленэрлік кескіндеме түрін ойлап тапты.

Әр дәуірдің өзгерістері әртүрлі жылдамдықта өтті – мысырлықтардың көркемөнер негіздерінің қағидалары ғасырлар бойы өзгеріссіз болды, тек Бірінші дүниежүзілік соғыстан бірнеше жыл бұрын ғана стильдің және көркемөнер бағытының әр алуандығы белгілі болды.

Бұл көркем безендірілген басылым көркемөнердегі әр бағыт туралы қысқа баяндай отырып, оқушыны көркемөнер тарихына қызықты саяхат жасауға жетелейді – ертеректегі тастағы суреттен бүгінгі күнге дейін.





ЕЖЕЛГІ ДӘУІРЛЕР МЕН ОРТА ҒАСЫРЛАР

12	ТАРИХҚА ДЕЙІНГІ КЕСКІНДЕМЕ
22	МЫСЫРЛЫҚТАР ӨНЕРІ
32	ГРЕК ЖӘНЕ РИМ ӨНЕРІ
42	ЕРТЕДЕГІ ХРИСТИАНДАР МЕН ВИЗАНТИЯЛЫҚТАР
54	ҚАРА ТҮНЕК ҒАСЫРЛАР
64	РОМАН СТИЛІ ЖӘНЕ ГОТИКА

Кескіндеме – бұл ең ежелгі өнер түрлерінің бірі, сонау Мұз дәуірінен бастау алады. Көптеген жүзжылдықтар бойында оның тағдыры талай өзгергенмен, шығармашылық кемеңгерлік немесе өзіндік сипат ұғымдары жайлы кез келген ұғым алғашқы суретшілердің ойларына кіріп те шықпаған. Көптеген суреттердің өмірлік қолдану аясы болған, оларды рәсімдерді өткізуге, марқұмдарға құрмет көрсету мен Құдайды дәріптеуге пайдаланған. Олардың өзара айырмашылықтары жер мен көктей болған: кейбір жартасқа салынған суреттер мен римдік натюрморттар реалистік болса, Мысыр, Византия және Кельт сияқты өзге өркениет өнерлеріндегі нышан мен мегзеу әлемді түйсінудегі қуатты тәсілдер болып есептелген. Бәлкім, ең үлкен айырмашылық суретшілердің мәртебелеріне де байланысты болар. Кескіндеу өнері оларға байлық пен даңққа кенелуге жол сілтеген жоқ, ежелгі дүниеде суретшілер ең бастысы, жай ғана қолөнершілер болып есептелген. Христиандық әйгілі суретшілердің есімдері бізге белгілі бола тұра, тағдырдың тәлкегі іспетті ежелгі грек суретшілерінің аты-жөндері құжат жүзінде дәлелді болғандарымен, олардың ең тамаша картиналары сақталмаған.

ТАРИХҚА ДЕЙІНГІ КЕСКІНДЕМЕ

Б.д. бұрынғы 30 000 ж. шамасы – б.д. бұрынғы 1300 ж. шамасы. СУРЕТ САЛЫНҒАН ҮҢГІРЛЕР

► Бұқалардың үлкен залы

Б.д. бұрынғы 15000 – 1300 ж. шамасы. Франциядағы *Монтиньяк коммунасы маңындағы Ласко үңгірі*. Ласко – ең атақты, сонымен қатар, сурет салынған үңгірлер арасындағы ең әсем безендірілген үңгір. Барлығы 900-ден астам жануар тұлғаларының ұқсастықтары анықталған. Нағыз кескіндік үлгілер орасан зор алты бұқа суреті салынған залда. Олардың ең үлкені көлемінің ұзындығы 5,2 метрден (17 фут) астам..



Ласкодағы жартас кескін- демелері жария болғанда

1948 жылы адамдардың басым көпшілігі таңырқауларын жасыра алмаған. Мүмкіндіктері шектеулі жұпыны адамдар осыншама тама-ша туындыларды қалай тудырған? Әр жолы ашылған жаңалық сайын осындай таңырқау қайталанып

отырған. XX ғасырдың 90-жылдарында жартас суреттері бар ең көне үңгірлердің жас мөлшері б.д. бұрынғы 30 000 жылдар шамасына өзгерді. Алдағы болашақта бұл шек одан да бағзы замандарға шегінеді деуге негіз бар. Әзірге, ғылыми жетістіктер – радиокөміртектік тәсілімен мерзім белгілеу, жеделдеткішті қолдану арқылы масс-спектрометрия жасау және ДНҚ-ны зерттеу – суреттерді де, олардың археологиялық жағдайларын егжей-тегжейлі түсінудің мүмкіндіктерін барынша қамтамасыз етуде. Суреттермен безендіріліп сақталған үңгірлердің орасан зор саны өсу үстінде. Бүгінгі таңда тек Батыс Еуропаның өзінде ғана 360-тан астам үңгір тіркеуге алынған. Үңгірлердегі кескіндемелердің шын мәнінде әлемдік маңызын дәлелдей түскендей, осыған ұқсас нысандар Жер шарының көптеген түкпірлерінен табылып жатыр.

МАҒЫНАЛЫ МӘТІН

Мұз дәуірінің суретшілері

Еуропадағы жартас суреттерді Мұз дәуірінің кешеуілдеу кезеңдерінде аңшы-жинақтаушылардың қауымдастықтары жасаған. Бұл суреттерді ең алғаш зерттей бастағанда олар тек осы адамдардың күнделікті тұрмыстарын бейнелеген болар деген болжам болған. Алайда көп уақыт өтпей-ақ бұл үңгірлерде адамдардың тұрмағандары, оның үстіне өрнектер көзге түсе бермейтін тұстарда салынғаны анықталды. Нәтижесінде, кейбір үңгірлер киелі орындар саналған, ал сурет салу қандай да бір рәсімдік мақсаттарға қызмет еткен деген болжам жасалды.

Көптеген жылдар бойына суреттер аңшылық құдіретімен байланысты деген теория барынша кең таралып жүрді. Коректенудің таптырмас көзі – аса ірі, тұрықты жануарларды бейнелеу арқылы үңгір адамдары өз аңшыларының болашақ қорларын қамтамасыз етуге дәмеленген. Алайда кейінірек жаңа суреттердің табылуына байланысты бұл теорияның қателігі анықталды. Жинақталған азық-түлік қалдықтарын зерттеу көпшілік жағдайларда үңгір суретшілерінің оларға азық болған аңдарды бейнелемегендерін

көрсетті. Мәселен, Ласко үңгірінен табылған тағам қалдықтарының 90 пайызы солтүстік бұғыларының сүйектері болып шыққанымен, бұл жануардың суреті бір рет ғана салынған.

Кейінгі жылдары жаңа теориялар жылдам тарала бастады. Кейбір ғалымдар жекелеген жануарларды өз алдына қарастыру қажет емес деп есептейді. Олардың пікірінше, «пан-нолардың» барлығын толығымен, соның ішінде олардағы белгілерді де (алақандар, жебелер, торлар) тұтастай алып қараған тиімдірек болады. «Қытай жылқысынан» (20-21 б. қара) бастау алған болжамдар осы ұстанымға мысал бола алады.

Сонымен қатар олардың шамандықпен байланыстарына да үлкен қызығушылық бар. XIX және XX ғасырларда Еуропа антропологтары жергілікті ұлыс – бушмендердің шамандық тәжірибелерін зерттеу жолымен Оңтүстік Африкадағы жартас өнерінің тереңіне бойлады. Содан бері ғалымдар еуропалық жартас өнерін зерттеуді сол тәжірибемен өзектес қарастырып келеді.

Жартастағы кескіндеме белестері

▷ Б.д. бұрынғы 38 000 ж. шамасы

Палеолит дәуірінің соңғы фазасы, жоғарғы кезеңінің басталуы. Ол «мәдениет» деп аталатын құрал-саймандар даярлау фазаларына бөлінеді.

▷ Б.д. бұрынғы 34 000 ж. ш.

Францияда Ориньяк үңгіріндегі қазбаларға орай аталған Ориньяк мәдениеті пайда болады. Алғашқы жартастағы суреттер жасалады.

▷ Б.д. бұрынғы 28 000-20 000 ж.ж. ш.

Дордонь (Франция) департаментіндегі Ла-Граветт үңгіріндегі қазбаларға орай аталған Граветт мәдениеті кезеңі. Венера тұлғалары осы кезеңге жатады.

▷ Б.д. бұрынғы 16 000-10 000 ж.ж. ш.

Жоғары палеолит дәуірінің соңғы фазасына Франциядағы Ла-Мадлен археологиялық тұрағы қазбаларына орай аталған Мадлен мәдениеті жатады. Осы ғасыр тұсында ең бір әсем жартас суреттері жасалған.

▷ Б.д. бұрынғы 13 000-8 500 ж.ж. ш.

Кейінгі Мұз дәуірінде мұз құрсаулары біртіндеп шегіне бастайды.

▷ Б.д. бұрынғы 8 000-3 000 ж.ж. ш.

Неолиттің ылғалды фазасы, Солтүстік Африка сахарасына тіршілік нышаны пайда болған жұмсағырақ климат кезеңі.

НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

“ КҮТПЕГЕН ЖЕРДЕН
АЛДЫМЫЗДАН ОРАСАН
ЗОР ҚЫЗЫЛ АЮ (КЕСКІНІ)
ПАЙДА БОЛДЫ. БІЗ
ОНЫ ТАМАШАЛАП,
ҚАҚҚАН ҚАЗЫҚТАЙ
ҚАТЫП ҚАЛДЫҚ ”

1995 | Эльет Брюнель Дешамс
Француз спелеологы, Шове үңгірін ашу туралы

Ауыр жағдайлардағы тіршілік

Тарихқа дейінгі өнер жауһарларының кейбіреулері өте қатал ахуалдарда жасалған. Аңшы-жинақтаушылар Мұздық дәуірінің соңғы кезеңдері бойына аман қалу үшін әрекеттенді. Қарлы-мұзды көрініс немесе жабырқау тундра олардың әдеттегі тіршілік ортасына айналды. Сақылдаған сары аяздарда олар үңгірлерді паналады.



☉ ҚАЙНАР КӨЗІ

ТАҢҒАЛДЫРАТЫН ЖАҢАЛЫҚ

1994 жылдың желтоқсан айында үш спелеолог Ардеш өзені (Франция) аңғарындағы үңгірді зерттеп жүріп, оның ішіндегі бірқатар өрнекті залдарға тап болады. Радиокөміртектік тестер жүргізіліп, археологтар табылған суреттердің өзгелерден әлдеқайда көне екенін білгенде, қатты таңырқайды. Үңгірдің ең көне телімі шамамен б.д. бұрынғы 30 000 жылдарға жатса, екінші тіршілік ету кезеңі – б.д. бұрынғы 25 000 ж. шамасы. Үңгір спелеологтарының бірі Жан-Мари Шове есімімен аталса, оның әріптестері Эльет Брюнель мен Кристиан Хиллэр өз есімдерін

жеке залдарға берді. Шове үңгірінің ашылуы сарапшы-ғалымдардың Ориньян мәдениетіне, жартасқа салынған суреттер тағдырына деген көзқарастарын қайта қарауларын мәжбүрледі. Ондағы бейнеленген жануарлардың одан кейінгі кезеңдердегі үңгірлердегі табылған жануарлардан айырмашылықтары бар. Кәдімгі шөпқоректілермен қатарлас өте сирек аулайтын аюлар, арыстандар мен жыртқыштар бейнеленген. Бұл жартастағы суреттер тек аңшылық рәсімдерге арналған деген теорияны теріске шығарды.


“ МЕН СУРЕТТІ ӘКЕМЕ
КӨРСЕТКЕНДЕ,
ОЛ КҮЛІП ЖІБЕРДІ...
АЛАЙДА КӨП ҰЗАМАЙ
ОЛАРҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ
ТАНЫТА БАСТАДЫ ...
ОНЫҢ ҚОБАЛЖЫҒАНЫ
СОНШАЛЫҚ,
СӨЙЛЕУГЕ
ҚИНАЛЫП ҚАЛДЫ ”

1923 ж. ш. | Мария де Саутуола
Жергілікті жериеленуші Марселино де Саутуоланың қызы. Альтамира үңгіріндегі жартас суреттерінің табылуы туралы

☉ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЫҚПАЛ

Тарихшылар ұзақ уақыт шүбәмен қараған идея үңгірдегі өрнектер аңшы-жи-нақтаушылардың күнделікті тұрмыстарының тікелей көрінісі деген көзқарас болатын. Зерттеу үшін бірінен соң бірі пайда болып жатқан бейнелерден кейін олар әрбір нышан мен кез келген әдеттен тыс кейіпті сараптап, олардың неге қатысты екенін меңзейтін ишара іздеді. Барған сайын үңгір суретшілеріне олардың рәсімдері мен наным-сенімдерінің ықпалы болғандығы айқындала түсті.

Бейнеленген нышандар көптеген үңгірлерден табылады. Егер қол мен алақан таңбалары немесе айналдыра сызылған алақандарды ескерсек, онда ең жиі кездесетін нышан – ол қол. Олар көбінесе жануарлармен бірге салынады. Мына жағдайда, сол жақта ағаш көмірімен сызылған – мамонттың бір бөлшегі.



Айналдыра сызылған қол панносы, б.д. бұрынғы 30 000 ж., Шове үңгірінің ішіндегі тереңде, Шамдар галереясына кіреберіс жанында. *Вальон-Пон-д'Арк қаласына (Франция) таяу*

Қызыл жоса – жартастағы кескіндемелерде ең бір жиі кездесетін бояу. Сірә, оның тереңірек рәміздік мағынасы болса керек. Оларды табыну тұлғаларына, сондай-ақ марқұмдар денелері мен жерлеуге арналған мүліктерге жаққан.



Химба тайпасының әйелдері қызыл жосаны ұнтақтап, сосын май, күл және жұпар иісті шайырмен араластырып, одан алынған бальзамды күннен қорғану үшін денелеріне жағады.

Шамандық тәжірибелер, шамасы, көптеген үңгір суреттеріндегі өнердегі теңдесі жоқ, түсініксіз көріністе адам-құсты, әлде бей-жай күйдегі өлікті бейнелейді, ал онымен қатарласа жатқан таяқ-құс – бәлкім найза лақтыратын құрылғы немесе рәсімдік зат болар.



Құсбасты адам ішек-қарны ақтарылған бизон денесі жанында (б.д. бұрынғы 15 000-13 000 ж. ш.), Ласко үңгіріндегі Провал аталатын, бару мүмкін емес шіркеуде. *Монтиньякқа (Франция) таяу*

Әдеттегіден бөлекше қалыптар жануарлардың салынған суреттеріндегі археологтардың ізденгіш әрекеттерін әжептәуір әуреге салды. Кең таралған теорияға сүйенсек, бұл суреттегі бизон өз аумағын белгілеу үшін өзінің несесі үстінде аунап жатыр. Алайда жануардың бұл қалпын жантау ету, сонымен қатар ұйқыдағы немесе бұзау туу сәті деп те түсіндіруге болады.



Қалаш тәрізді бүктетілген бизон (б.д.бұрынғы 16 000-14 000 ж. ш.) Альтамира үңгірінің төбесіндегі дөңестердің дөңгелек сұлбасын қайталайды. *Сантьяна-дель-Марға таяу (Испания)*

ӨЗГЕРІСТІ КЕЗЕҢ

Бизон

(б.д. бұрынғы 16 000-14 000 ж. ш.) *Сантьяна-дель-Марға (Испания) таяу Альтамира үңгірі*

Альтамира үңгіріндегі таңғажайып суреттер 1879 жылы табылған, ал ол туралы ақпарат ең алғаш рет 1880 жылы жарияланды. Алайда оларды қоғамның палеолит кезеңі өнерінің түпнұсқа үлгілері деп тануы үшін 20 жылдан астам уақыт өтті. Бастапқыда сарапшылар ол біздің заманымызда шебер орындалған жалған дүние санап, Альтамираны мойындамады; тым айқын бояулар мен ол кезеңдер үшін тым мінсіз техника оларға күмән туғызды. Олардың таңданыстары түсінікті де. Бұл таңғажайып бизонның сұлбасы қара түспен көмкеріліп, содан кейін барып түрлі түспен боялған. Қарайту әсерлі болуы үшін шамалы телімдердегі бояулар қырылып тастап, негізгі бөлшектерді айқындай түсу үшін – көздері, мүйіздері мен тұяқтары нақышты желілермен қоршалған.

АНРИ БРЕЙЛЬ

Палеолит кезеңін зерттеуге **тұңғыш жол салған** Анри Брейль (1877-1961 ж.ж.) аббаттыққа түскенімен, өзінің дін уағыздаушылық қызметіне кіріспеді. Оның орнына ол жартастағы кескіндеменің соңғы жаңалықтарын тіркеп, талдауға ден қойды. Ол бүкіл Еуропа, Африка және Қытайдағы барлық қазба жұмыстарында болды және оның осы пән бойынша энциклопедиялық білімі палеолит кезеңінің неғұрлым дәлірек хронологиясын түзуге көмектесті.

Анри Брейль, француз археологы, тарихқа дейінгі жартастағы кескіндемелер бойынша аса ірі маман



МАҒЫНАЛЫ МӘТІН



МЕЗГІЛ МЕЖЕЛІГІ

Тарихшылардың жартастағы кескіндеме жоғарғы палеолит кезеңінен бастау алады деген идеяны қабылдаған мерзімнен бері **тура жүз жыл өтті**. Оның ең ежелгі еуропалық үлгілері шамамен б.д. бұрынғы 30 000 жылмен межеленетін көрінеді. Дегенмен, жаңа үлгілердің ашылуы және межелену тәсілдерінің жетілуіне байланысты ахуалдың өзгеруі де мүмкін. Еуропадағы жартастағы кескіндемелердің көпшілігі олардың сақталуына жағдай жасау үшін кірудің мүмкіншілігі өте қиын тереңдегі үңгірлер ішінде орындалған. Орындалу тәжірибесі ұзағыраққа созылған кескіндер Африка мен Австралиядан табылған.

Жүгірген бұғы

мегацерос ▷

Б.д. бұрынғы 30 000 ж.
Ардеш өзенінің аңғарындағы
(Франция) Шове үңгірі
Мегацерос – тұқымы
құрыған алып бұғы. Мұздық
дәуірдің кешеуілдеу
кезеңі аяқталған соң ол
Еуропаның оңтүстігіне
қайта оралмаған, ал оның
жартастағы бейнелері
тек ең ежелгі Шове және
Куньяк үңгірлерінен
табылған.



Б.д. б. 30 000 ж.

Неандертальдықтар жойылып кеткен

Ең соңғы неандертальдықтардың қалдықтары шамамен б.д. бұрынғы 30 000 ж. межеленеді. Олар ортаңғы палеолит дәуірінде басым болған, ал енді олардың орындарына қазіргі адамдар келді.

ҮҢГІРЛЕР РЕПРОДУКЦИЯЛАРЫ

Жартастағы суреттердің көпшілігінің бүгінгі күндерге дейін сақталу себебі, олардың тұрақты микроклиматта сақталуына байланысты. Алайда үңгірлерде туристер топырлай басталысымен барлығы да өзгерді. 1950 жылдары Ласкодағы үңгірлердің қабырғаларында микроскоптық балдырлар пайда болып, кальций қабыршақтары түзілуінен суреттердің өше бастағаны байқалды. Ласконың ресми өкіметі бункерлерде келушілер үшін үңгір репродукциясы – Ласко-2-ні салды.

Ласко-2 жартасындағы кескіндемелер көшірмесі



МАҒЫНАЛЫ МӘТІН

27 000

Венера тұлғалары

Венераның кішкентай мүсіншелерінің көпшілігі б.д. бұрынғы 26 000 ж. шамасымен межеленеді. Тастан немесе мамонттың сойдақ тістерінен жасалған әйел тұлғалары көбінесе толық денелі, бет бейнесіз және шаштары күрделі болып келеді. Олардың ең әйгілілері – Виллендорф Венерасы (Австрия), Леспюнг Венерасы (Франция) мен Брасемпуй Венерасы (Франция).

Виллендорф

Венерасы ▷

Б.д. бұрынғы 25 000 ж. шамасы.
*Жаратылыс тарихы мұражайы,
Вена (Австрия)*

Бүкіл Еуропа бойынша палеолит дәуірі қазбалары кезінде табылғандардың ішіндегі Венераның бұл ең әйгілі мүсіншесі 1908 жылы ашылған. Ол Виллендорфта (Австрия) табылғанымен, басқа өңірде жасалуы мүмкін. Өйткені ол жасалған материал – оолит әктасы жергілікті кен емес. Тарихқа дейінгі үңгірлерде осы тәрізді мүсіншелер кескіндері болғанымен, олар не сурет түрінде немесе қабырғаларға нақышталған болып келеді.

“ ЕНДІ БІЗДІҢ МОЙНЫМЫЗҒА
**АСА ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК
ЖҮКТЕЛДІ. БҰЛ БҰЗЫЛМАҒАН
ОРЫН... ҚАНДАЙ
ЖАҒДАЙДА БОЛМАСЫН
ҚОРҒАЛУҒА ТИІСТІ** ”

1995 | Эльет Брюнель Дешамс

Француз спелеологы, Шове үңгірінің ашылуы туралы

Кандамо үңгірі

Испаниядағы ең ежелгі жартастағы суреттер б.д. бұрынғы 23 000 ж. ш. Ла-Пенья-де-Кандамо үңгірінде жасалынуы мүмкін. Олардың арасында бизондар, бұқалар және турлар (ежелгі мүйізді ірі қара) бар.





Δ Қара сиыр

Б. д. бұрынғы

15 000-13 000 ж. ш.


Ласко үңгірі, Монтиньякаға (Франция) таяу.

Бұл жартастағы сән-салтанатты картина «Неф» деп аталатын ұзын, тар жерде жасалған. Сиыр кескіні қарама-қарсы бағытта шауып келе жатқан жиырмаға жуық ат бейнеленген фриз үстіне бастыра салынған. Анри Брейль бұл тектес кескіндердің «бұрмаланған өріс» екенін көрсеткен, өйткені оның кеудесі қырынан, ал кейбір бөлшектері (мүйіз бен тұяқтары) қасбеттен салынған.

21 000

18 000

Б. д. б. 15 000 ж.



Теңбіл аттар панносы Δ

Б. д. бұрынғы 26 000-20 000 ж. ш. Пеш-Мерль үңгірі, Ло (Франция)

Палеолит суретшілері жұмыс істегенде дөңес беттерді пайдалануды ұнатқан. Мұнда салынған бас суреттері кішкентай, бірақ жапсарлас жартастағы дөңестік аттың басының пішініне ұқсас болғандықтан, оң жақтағы жануар сенімдірек болып көрінеді. 2011 жылы ғалымдар осындай теңбіл аттардың шын мәнінде болғанын дәлелдейтін ДНҚ үлгілерін тапты.



Қанатсыз гагарка Δ

Б. д. бұрынғы 25 000-17 000 ж. ш.

Коске үңгірі, Марсельге таяу (Франция)

Бұл таңғажайып үңгірдегі өрнектерді 1991 жылы Анри-Коске дайвинг орталығының менеджері тапқан мұндағы ерекше фактор – қазір үңгірге кірер ауыз су астында. Теңіз мақұлықтары бейнелері арасында қанатсыз гагаркалар, аққұрсақ тюленьдер және сегізаяқтар бар.